

Г. Б. Қаржасова, жалтықұқықтық және арнайы пәндер кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD) (Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПкерлікке салық салу және салықты төлеуден жалтарудың кейбір өзекті мәселелері

Егеменді қазақ елінің Ұлттық қауіпсіздігінің түпқазығы саналатын экономикалық қауіпсіздіктің күре тамыры салық жүйесіндегі қоғамға қауіпті әрекеттер болып отыр. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 244-ші «Азаматтың салық және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруы» және 245-ші «Ұйымдарға салынатын салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару» баптарында кәзделген жалпы салықты төлеуден жалтару қылмыстарының теориялық және қолданбалы шешімдері талданған.

Еліміздің мемлекеттік бюджетін құрайтын түсімдердің ең басты кәзі — салықтар. Тіпті мемлекетіміздің Негізгі Заңы — Атазаңда заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылатыны туралы айқын кәрсетілгендігі салықтардың елдің, қоғамның тұрмыс-тіршілігі үшін қаншалық-ты маңызды екендігін кәрсетсе керекі.

Салықтың негізгі түрлеріне жеке және заңды тұлғалардың табыс салығы жатады, сонымен қатар, әндірістік бірлестіктер, кәсіпорындар, капитал иелері өздері жариялаған мәлімдемелері бойынша салық төлейді. Сонымен қатар, халықаралық қарым-қатынастар тәжірибесі аңғартатындай республикадағы табыстардың бір бәлігі сыртқы экономикалық қызметтегі кедендік түсімдер арқылы да құралады.

Кәсіпкерлікке салық салу қазіргі таңда өзектілігін арттыруда. Себебі Қазақстан Республикасының саясаты кәсіпкерлікті қолдау барысында салық салу ауыртпалығын төмендету саясатын іске асыруда. Баршаға белгілі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін арнаулы салық режимі бар. Ол режимде кәсіпкерлер патент негізінде, оңайлатылған декларация негізінде және шаруа фермерлер үшін арнаулы салық режимін таңдай алады.

Нарықтық экономика жолын ұстанған егемен елімізде шағын және орта бизнес барысына кедергі келтірмейтін салық жүйесін қалыптастыру өзекті мәселелер қатарынан орын алып отыр. Осы мақсатта елімізде шағын бизнес субъектілеріне арнайы салық режимі қолданылады.

Салық режимі — Салық кодексінде белгіленген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жәніндегі барлық салық міндеттемелерін есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын салық заңдары нормаларының жиынтығы.

Салық режимдері екі топқа бәлінеді: жалпы режим; арнаулы салық режимі.

Жалпы салық режимі — салық төлеушілердің барлық санаттары үшін белгіленетін және барлық салық және басқа да бюджетке төленетін басқа міндеттердің түрлерін есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін берудің жалпы тәртібін қолдануды кәздейтін тәртіп.

Арнаулы салық режимі (бұдан әрі — АСР) — салық төлеушілердің жекеленген санаттары үшін белгіленетін және жекеленген салық түрлері жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін табыс етудің оңай-латылған тәртібін қолдануды кәздейтін бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібі.

Кәптеген елдерде шағын және орта кәсіпкерлікке салық салу мемлекет және салық төлеушілердің арасындағы қажеттілігін қанағаттандыру тепе-тендігін ұйымдастырмаған. Сол себептен еліміз өзінің салық реформаларын тиімді жасау шараларын жүргізеді. Сондай-ақ мемлекет және салық төлеушілердің жағдайын ескере отырып жаңа немесе оңтайлы шешім табуға тырысады.

Бұл ретте, міндетті түрде айта кетуіміз қажет, Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан хал-қына Жолдауында «Бүгінде дамығандықтың іргелі кәрсеткіштерін Экономикалық ынтымақ-тастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттер кәрсетіп отыр. Оған әлемдік ішкі жал-пы әнімнің 60 пайыздан астамын әндіретін 34 ел кіреді. Ұйымға мүше барлық елдер

терең жаңғыру жолынан өтті, инвестицияның, еңбек өнімділігінің, шағын және орта бизнесті дамытудың, халық өмірі стандарттарының жоғары көрсеткішіне ие болып отыр.

Мен Қазақстанда ЭБДҰ-ның бірқатар қағидаттары мен стандарттарын енгізу жөнінде міндет қойдым.

Экономикада ішкі жалпы өнімнің жыл сайынғы өсімін 4 пайыздан кем қылмау жоспарлана-нуда. Инвестиция көлемін қазіргі 18 пайыздан бүкіл ішкі жалпы өнім көлемінің 30 пайызына дейін ұлғайту керек.

Қазақстан әлемде адамдар үшін қауіпсіз және тұрақты жайлы елдің біріне айналуға тиіс. Бейбітшілік пен тұрақтылық, әділ сот және тиімді құқық тәртібі дегеніміз — дамыған елдің негізі», — деп атап көрсетті.

Әрине, қазақ елінің бүгінгі мен болашағы, әлемдік аренадағы алатын орны, оған қалай же-ту және онда қалай орнығу мәселелері Президенттің үнемі назарында, бақылауында және қадағалауында.

Бұл мәселелер жайында, Елбасы 2013 жылы 20 желтоқсанда Индустрияландыру картасы жобаларының тұсаукесерінде шағын және орта бизнестің қазіргі салынып жатқан жаңа инновациялық кәсіпорындар тәңірегінде дамуы туралы, ол — Үкіметтің, Ұлттық палатаның, кәсіпкерлер мен барлық деңгейдегі әкімдердің міндеті екендігін және бизнеске жүргізілген заңсыз тексерістер үшін шенеуніктерді жазалауды қатайту жөнінде қосымша шаралар қолдану маңыздылығына зейін салды.

Бірақ салық тәлеушілер мемлекет тарапынан жасалған жеңілдіктерді ескермей, өздерінің табыстарын минималды түрде көрсетіп, өздерінің табыстарын жасыруға тырысады.

Салық қылмыстарының жасырын болуы жоғары дәрежеде. Бұл салықтарды тәлеуден жалтаруды саралаудың күрделілігімен, қылмыстық әрекетті жасағанын дәлелдеу мәселелерімен, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби дайындығының төмендігінен салық саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтаумен және қарсы іс-қимыл жасаумен, қолданыстағы заңнаманың тұрақсыздығымен және қарама-қайшылығымен байланысты.

Заңсыз қарулы құрамаларды, бандаларды, қылмыстық ұйымдарды қаржылық қолдау, атап айтқанда, фискалдық алаяқтық нәтижесінде алынған ақшалай қаражаттың көмегімен жүзеге асырылатындығы туралы шындыққа жанасатын болжамдарды назардан тыс қалдыруға болмайды. Қаралып отырған қылмыс сыбайлас жемқорлықпен де сәзсіз байланысты.

Салықтарды белгілеу және алу мемлекет тарапынан бір жақты — әктем түрде жүзеге асырылатындықтан, салық тәлеушінің материалдық сипаттағы белгілі бір залал шегетіні әрі мәжбүрлеуге ұшырайтыны баршаға мәлім. Қоғамымызда саналы салық тәлеушілермен қоса өздерінің заңи міндеттеріне салғырт, немқұрайлы қарайтын салық тәлеушілер де жетіп артылады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының салық жүйесі мен шағын және орта кәсіпорындарға салық салу жүйесінің негізгі жетіспеушіліктерін келесілерді атап өтсек болады:

1. Салық салу жүйесі салық тәлеушілер үшін күрделілігінде. Яғни, салықтық декларацияны толтырудың өзі қиыншылық туғызады. Бұл жерде тек салықтық құқықтарды білуге талап қойылмай, оларды қатесіз құжаттық, техникалық толтырылуына талап қою. Бұл жерде тек салықтық құқықтық білімге талап жоғары, сонымен қатар техникалық жабдықтау күрделі болып келеді. Әрдайым декларацияны өздiгiнен толтыра алмайтын тұлғалардың саны өсуде. Салықтарды есептеу және декларацияны тапсыру тек уақытты ғана алып қоймай, жіберілген қателіктердің нәтижесінде материалдық шығындарға да алып келеді. ¹ Ермекбаев Б. Ж. Салықтар және салық салу: Оқу құралы. — Алматы, 2003.

² Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсан-дағы № 99-IV Қазақстан Республикасының Кодексі, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://adilet.zan.kz>

³ Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан жолы — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жол-дауы // Егемен Қазақстан. 2014. 17 қаңтар.

⁴ Н. Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам» — Қазақстан Республикасының дамыған мемлекеттердің отыздығы-на кіру жөніндегі жоспары 20 мамыр 2015 ж. Астана // www.akorda.kz

2. Салықтық құқықтық нормалардың күрделілігін үйлестіру және міндетті сипаттағы басқа да төлемдер салықтық аяда басқару тиімділігін төмендететін факторы ретінде қалыпта-сады.

3. Табыстарға салық салу бойынша салықтық артықшылықтарды бәлуде біркелкі емес сипатқа ие болуда. Яғни, әлеуметтік жағдайдағы және табыстық деңгейі бірдей салық тәлеушілер әртүрлі салықтарды тәлейді.

4. Салық заңдылығымен бекітілген кәштеген бақыланбайтын салықтық жеңілдіктер өз тиімділігін жоғалтады. Яғни, салықтық жеңілдіктер халықтың әлеуметтік жағдайын және экономиканы кәтеру үшін жасалынуы тиіс.

5. Еліміздің халықтары үшін салықтық терминдердің кәп болуы. Яғни білімі орта шағын және орта кәсіпорындардың қызметкерлері үшін кейбір салықтық терминдердің түсініксіздігі.

6. Салықтық қызметтер бойынша білікті мамандардың жетіспеушілігі.

Алайда, бұл мәселелермен күреспеу елдегі макроэкономикалық жайсыздықты туғызады, себебі шағын және орта кәсіпкерлік экономика дамуының қозғаушысы.

Осыған байланысты Елбасының 5 президенттік реформаны жүзеге асыру үшін 100 нақты қадамда осы шағын және орта кәсіпкерлерінің біршама мәселелері шешімін табады⁴.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде яғни «Салық және бюджетке тәленетін басқа да міндетті тәлемдер туралы» Заңында кейбіреуі тікелей кәрсетілмесе де, мына келесі-дей мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары кәзделген: құжаттарды алып қою, салық қызметі органдарының салықтарды (берешектерді) еріксіз алуы, салық тәлеушілердің банктік шоттар бойынша жасалатын шығыс операцияларын тоқтатып қоюы, салық тәлеушінің мүлкіне шектеу қою және оны сату арқылы салық берешегін әндіріп алу, салық салу аясында орын алған салықтық заңдарды бұзу фактісін жою, салық мәлшерін мәжбүрлеп әзгертіп, түзету, дамыған шетелдердің үлгісімен, шағын және орта кәсіпкерлік әкімшілігін құру.

Бұл әкімшілік шағын және орта кәсіпкерлік саласының жағдайын үнемі зерттеп, мәселе-лерін анықтап, түрлі талдамалық материалдар дайындап, мемлекетке шағын және орта кәсіп-керлік саласына бағытталған стратегия құруға мүмкіндік жасайды, қолдаудың бағыттарын анықтайды. Сонымен қатар, Мемлекеттің осы салаға құйған бюджеттік қаражаттарының қайда жұмсалғанын қадағалап отырады.

Салық тәлеуден жалтарудың алдын алу үшін мемлекетімізбен жүргізіліп отырған қыл-мыстық саясат әлі де болса тиімсіз. Сол себепті еліміздің салық салу жүйесі қоғамдық қаты-настардың дамуына орай мемлекеттік ресурстарды қалыптастыруда алдыңғы қатарлы орынға шығуы заңды нәрсе. Салықтар жалпы мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің бірден бір қайнар кәзі болғандықтан мемлекеттің салық жүйесінің үнемі тиімді жұмыс істеу қажеттілігін айқындауы керек.

Бүгінгі таңда Қазақстанда салық тәлеуден жалтару қылмыстарын жасауға ешқандай да негіз жоқ. Қолданыстағы салық салу жүйесі оның негізгі талаптарына толыққанды жауап береді. Оның бір айғағы соңғы жылдары ішкі әнімнің артуы есебінен мемлекеттік бюджетке салық түсімінің кәбеюі.

Ермекбаев Б. Ж. Салықтар және салық салу: Оқу құралы. — Алматы, 2003.

² Салық және бюджетке тәленетін басқа да міндетті тәлемдер туралы (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсан-дағы № 99-IV Қазақстан Республикасының Кодексі, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі // <http://adilet.zan.kz>

³ Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан жолы — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жол-дауы // Егемен Қазақстан. 2014. 17 қаңтар.

⁴ Н. Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам» — Қазақстан Республикасының дамыған мемлекеттердің отыздығы-на кіру жәніндегі жоспары 20 мамыр 2015 ж. Астана // www.akorda.kz